

ЖШС «Ай-Бегим-Али»бөбекжай бақшасы

**Бұйрық
№52**

Шымкент қаласы

02.12.2024ж

**Бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалау
жүргізу және комиссия құрамын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы №95 бұйрығына сүйене отырып, 2025 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының өзгертілген және қайта бекітілген тізбесін негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы бұйрығын негізге ала отырып, мекеменің педагогтарымен өзін-өзі бағалау жұмыстары ұйымдастырылсын және құрамы төмендегі құрамда бекітілсін.

Комиссия құрамы:

1. Айдарова Л.У - комиссия төрайымы

Комиссия мүшелері:

2. Алманова М.Қ-тәрбиеші

3. Тагаева А.Б-тәрбиеші

4. Досымова Н.Б-тәрбиеші

5. Сапар М.А-хатшы

2. Өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілгеннен кейін уақтысынан кешіктірілмей мекеменің ресми интернет –ресурсына орналастырылсын және жауапты болып бөбекжай-бақшаның әдіскері өзім жауаптымын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауға алуды өз басшылығыма аламын.

**«Ай-Бегим-Али» бөбекжай-балабақшасы»
ЖШС меңгерушісі:**



Айдарова Л.У

**ЖШС «Ай-Бегим-Али» бөбекжай-бақшасының кезектен тыс педагогикалық
кеңестің
Хаттамасы №2**

09.12.2024 жыл

Комиссия төрайымы: Айдарова.Л.У
Хатшы: Сапар.М.А

Қатысушылар: Бөбекжай-бақшаның барлық педагог қызметкерлері.
Барлығы: 5 педагог

Өткізу орны Әкімшілік каб

Күн тәртібінде:

1. 2024 жылы мемлекеттік аттестациялаудан өту. «Шымкент қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің «2025 жылға арналған Шымкент қаласының мемлекеттік аттестатауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» 2023 жылғы 09 қарашадағы №741 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2024 жылғы №95 бұйрығын негізге ала отырып бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу.
2. Өзін-өзі бағалау жүргізу бойынша комиссия құрамын бекіту.

Тыңдалды:

1. Бүгінгі күннің кезектен тыс кеңесінде мекеме меңгерушісі сөз бастап, биылғы жылы «Шымкент қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің «2024 жылға арналған Шымкент қаласының мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» 2023 жылғы 09 қарашадағы №741 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, «Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2024 ж. №95 бұйрығына сәйкес мекемеміз аттестаттаудан өтетінін айтты. Мекемеміздің өзін-өзі бағалау жүргізу және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі- Әдістемелік ұсынымдар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі-Заң), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ережелері және басқада білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерін регламенттейтін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленгенін, әдістемелік ұсынымдар мекемелердің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру мен өткізу кезіндегі бірінғай тәсілді және ашықтықты қамтамасыз етуге арналғанын, сондай-ақ мекемеде өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілерін атап өтті:
 - 1) Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары.
 - 2) Тәрбиелеу және оқыту

- 3) Білікті педагогтардың болуы.
 - 4) Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау.
 - 5) Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз еті.
 - 6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.
2. Екінші тақырып бойынша меңгеруші мекемеде «Өзін-өзі бағалау» жүргізу бойынша комиссия құрамын анықтау керектігін айтты. Мекемеде аттестаттау жұмыстарын жүргізу үшін өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрамы құрылып, бекітілуін ұсынды.

Комиссия төрайымы:

1. Айдарова Л-меңгеруші

Комиссия мүшелері:

2. Алманова М.Қ-тәрбиеші
 3. Тагаева А.Б-тәрбиеші
 4. Досымова Н.Б-тәрбиеші
- Сапар М.А-хатшы

Педагогтармен комиссия құрамы таныстырылып, комиссия құрамының жұмыс жоспары нақтыланды. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілетіні тапсырылды және 2024 жылдың 01-30 - желтоқсан айы аралығында бөбекжай-бақшаның ресми интернет –сайтына салынатынын айтты.


Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын негізге ала отырып 01-30- желтоқсан айы аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілсін.
2. Комиссия құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілгеннен кейін уақытынан кешіктірілмей бөбекжай-бақшаның ресми интернет-ресурсына орналастырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

 Айдарова Л.У

Хатшы:

 Сапар М.А